

«Евразия» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ
Директор кеңесінің шешімімен
«Бекітілген»



29.05.2025 ж. Хаттама

Зейнетақы аннуитеттік сақтандыру ережелері

Мазмұны

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	
2. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР	
3. ЗЕЙНЕТАҚЫ АННУИТЕТІ ШАРТЫНЫҢ МӘНІ	
4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ	
5. ЗЕЙНЕТАҚЫ АННУИТЕТІ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ	
6. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	
7. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МӨЛШЕРІ, МЕРЗІМДЕРІ, ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ	
8. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН ТӨЛЕУ МӨЛШЕРІ, ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ	
9. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ, ЗЕЙНЕТАҚЫ АННУИТЕТІ ШАРТЫН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БҰЗУ ЖӘНЕ ЖАРАМСЫЗДЫҒЫ	
10. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ШАРТТАР	

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы «Евразия» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ зейнетақы аннуитеттік сақтандыру ережелері (бұдан әрі – Сақтандыру ережелері) Әлеуметтік Кодекске (бұдан әрі-Кодекс) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Сақтандыру ережелерінің шарттарында «Евразия» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі – Компания) жеке тұлғалармен зейнетақы аннуитеті шарттарын (бұдан әрі-Зейнетақы аннуитеті шарты немесе шарт) жасайды.

3. Сақтандырушы Сақтанушыны (Сақтанушыларды) сақтандыру дивидендтеріне, яғни Сақтандырушының пайдасын бөлу есебінен Шартта кепілдендірілмеген ақша сомасына қатысты етуге құқылы.

2. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

4. Сақтандыру ережелерінде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) **Сақтандырушы** – Уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде «өмірді сақтандыру» саласында сақтандыру шарттарын жасау және орындау бойынша қызметті жүзеге асыратын «Евразия» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ;
- 2) **Сақтанушы** – зейнетақы аннуитеті шартын жасаған жеке тұлға.
Егер Кодексте өзгеше белгіленбесе, зейнетақы аннуитеті шартын жасауға мынадай тұлғалар құқылы:
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген зейнеткерлік жасқа толғандар;
 - республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан төмен емес сақтандыру төлемін қамтамасыз ету үшін сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасау үшін зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде қырық бес жасқа толғандар;
 - республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан төмен емес сақтандыру төлемін қамтамасыз ету үшін зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасау жолымен жиынтығында кемінде күнтізбелік алпыс ай міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген қырық жасқа толғандар;
- 3) **Сақтандырылушы** - зейнетақы аннуитеті шартында айқындалған және зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес сақтандыру төлемдерін алушы болып табылатын жеке тұлға;
- 4) **Пайда алушы** - зейнетақы аннуитеті шартының шарттарына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
- 5) **Сатып алу сомасы** - зейнетақы аннуитеті шарты мерзімінен бұрын бұзылған кезде сақтанушының қайта жасалған зейнетақы аннуитеті шарты бойынша аударымды жүзеге асыру үшін пайдалануға немесе, егер Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге тұрақты тұруға шыққан, сақтандыру ұйымына Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған, шығу фактісін растайтын құжаттарды ұсынған шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам болса, сақтандыру ұйымынан алуға құқығы бар ақша сомасы;
- 6) **Сақтандыру сыйлықақысы** - басқа сақтандыру ұйымымен немесе Қазақстан Республикасының бейрезиденті сақтандыру ұйымының филиалымен зейнетақы аннуитеті шартын бұзу кезінде алынған, сақтанушының тандауы бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымына немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру ұйымының филиалына зейнетақы аннуитетін сатып алуға жіберген зейнетақы жинақтары және (немесе) сатып алу сомасы.
- 7) **Сақтандыру төлемінің кезеңі** – әрбір мерзімді сақтандыру төлемі зейнетақы аннуитеті шартының шарттарына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс уақыт кезеңі (ай);
- 8) **Сақтандыру төлемі** – Сақтандырушы Зейнетақы аннуитеті шартының шарттарына сәйкес төлеуге міндетті ақша сомасы;

- 9) **Актuariй** – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеттілігінің қажетті деңгейін және қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндеттемелер мөлшерлерінің экономикалық-математикалық есептеулерін жүзеге асыруға байланысты қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға;
- 10) **Зейнетақы аннуитеті шарты** - сақтанушы (зейнетақы төлемдерін алушы) сақтандыру ұйымына сақтандыру сыйлықақысының сомасын беруге міндеттенетін сақтандыру шарты, ал сақтандыру ұйымы сақтанушының (зейнетақы төлемдерін алушының) және (немесе) сақтандырылушылардың пайдасына сақтандыру төлемдерін өмір бойы немесе белгілі бір уақыт кезеңі ішінде жүзеге асыруға міндеттенеді;
- 11) **Кепілдендірілген сақтандыру төлемдері** - сақтанушының және (немесе) сақтандырылушының өмір сүруіне қарамастан, сақтанушыға және (немесе) сақтандырылушыға не оның мұрагерлеріне зейнетақы аннуитеті шартында айқындалған уақыт кезеңі ішінде мерзімді сақтандыру төлемдері;
- 12) **Зейнетақы жинақтарының жеткіліктілігі** - Кодекстің зейнетақы аннуитеті шартын жасау күніне қолданыстағы ең төменгі күнкөріс деңгейінің (екі тұлғаның зейнетақы аннуитеті шартын жасау кезіндегі ең төменгі күнкөріс деңгейінің 1,4 еселенген мөлшері) мөлшерінен 70 (жетпіс) пайыздан төмен емес айлық сақтандыру төлемінің мөлшерімен зейнетақы аннуитеті шартын жасау үшін талап етілетін зейнетақы жинақтарының сомасы.
- 13) **Қор (қорлар)** – бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры);
- 14) **Уәкілетті орган** – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

3. ЗЕЙНЕТАҚЫ АННУИТЕТІ ШАРТЫНЫҢ МӘНІ

5. Зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес Сақтанушы (Сақтанушы) Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысының сомасын беруге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандырылушының (сақтандырылушылардың) пайдасына сақтандыру төлемдерін өмір бойы жүзеге асыруға міндеттенеді.

6. Сақтанушының өмір сүру ұзақтығына байланысты Сақтанушының мүліктік мүддесі сақтандыру объектісі болып табылады.

4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

7. Сақтанушының (Сақтанушылардың) аннуитеттік төлем жүзеге асырылатын зейнетақы аннуитеті шартында белгіленген кезеңнің соңына дейін өмір сүруі сақтандыру жағдайы болып табылады.

5. ЗЕЙНЕТАҚЫ АННУИТЕТІ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

8. Зейнетақы аннуитеті шартын жасау тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен регламенттелген.

9. Зейнетақы аннуитеті шарты уәкілетті орган бекіткен үлгілік нысанға сәйкес Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарында айқындалған мерзімге жазбаша нысанда жасалады.

10. Сақтандыру сыйлықақысын есептеу және сақтанушыны (сақтандырылушыны) әйкестендіру үшін қажетті деректерді қамтитын сақтанушының (сақтанушылардың) өтініші зейнетақы аннуитеті шартын жасау үшін негіз болып табылады.

11. Өтінішке сақтанушы (сақтанушылар) қол қояды.

12. Зейнетақы аннуитеті шартын жасауға өтініш, зейнетақы аннуитеті шартына барлық осымшалар (бар болса) зейнетақы аннуитеті шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

13. Зейнетақы аннуитеті шарты бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және (немесе) ерікті

сыйлықақысының сомасын толық көлемде аударған кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

14. Зейнетақы аннуитеті шартының қолданылу аумағы Қазақстан Республикасы болып табылады.

15. Зейнетақы аннуитеті шартының тарабы Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексіне сәйкес ерлі-зайыптылар немесе жақын туыстар болып табылатын және бір мезгілде сақтандырылған екі сақтанушы (сақтандырылушы) бола алады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

16. Сақтанушының (Сақтанушылардың) мыналарға құқығы бар:

- 1) Сақтандырушы жүргізген сақтандыру төлемдері мөлшерлерінің есептеулерімен танысуға;
- 2) Сақтандырушымен шарт жасау немесе қолданыстағы шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде сақтандыру сыйлықақысын төлеу үшін зейнетақы жинақтарын айдалануға;
- 3) егер зейнетақы жинақтарының сомасы Сақтандырушымен шарт жасау немесе қолданыстағы шарттарға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде сақтандыру сыйлықақысын төлеу үшін еткіліксіз болса, өз қаражатын тартуға;
- 4) Сақтандырушы жүзеге асыратын сақтандыру төлемдері мөлшерінің есептеулерін жүргізу үшін тәуелсіз актуарийлерді тартуға;
- 5) Шарттың көшірмесін алуға.

17. Сақтанушы (Сақтанушылар) міндетті:

- 1) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын Шарт жасалған немесе Шартқа осындай Шарттың және (немесе) Шартқа қосымша келісімнің түпнұсқасын ұсына отырып, Шартқа өзгерістер енгізілген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде хабардар етуге;
- 2) Шарт бұзылған кезде Шартты бұзу туралы өтінішпен жүгінуге және жаңа зейнетақы аннуитеті шарты жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жаңа сақтандыру ұйымымен немесе Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру ұйымының филиалымен зейнетақы аннуитеті шартының түпнұсқасын ұсынуға;
- 3) Сақтандырушы ай сайынғы сақтандыру төлемдерін жүзеге асыратын дербес деректер және (немесе) банктік деректемелер өзгерген кезде бұл туралы Сақтандырушыға осындай өзгеріс болған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде хабарлауға міндетті. Сақтандырушының банктік деректемелердің өзгергені туралы хабарламауы Сақтандырушыны дұрыс банктік деректемелер ұсынғанға дейін ай сайынғы сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан босатады.

18. Сақтандырушы құқылы:

- 1) Кез келген уақытта Сақтандырылушыдан оның тірі екенін дәлелдеуді талап етеді. Мұндай дәлелдер мыналарды қамтуы мүмкін: Сақтандырушы көрсеткен күнге нотариалды куәландырылған Сақтанушының жеке куәлігінің көшірмесін ұсыну; Сақтанушының мекенжайы бойынша және Сақтандырушы көрсеткен және Сақтанушымен келісілген мерзімдерде жеке келуі. Мұндай дәлелдемелерді ұсынбау Сақтандырушыға сақтандыру төлемдерін олар берілгенге дейін жүзеге асыруды кейінге қалдыру (тоқтата тұру) құқығын береді;
- Кез келген уақытта «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ-мен біріктірілген мемлекеттік деректер базасы арқылы Сақтандырылушының тіршілік ету мәртебесі туралы ақпарат сұратуға және алуға құқылы.

19. Сақтандырушы міндетті:

- 1) Сақтанушыны (Сақтанушыларды) сақтандыру төлемдері мөлшерінің есептеулерімен таныстыруға;
- 2) Шартты Кодексте және Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен ресімдеуге;
- 3) жаңа сақтандыру ұйымымен немесе Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру ұйымының филиалымен жасалған зейнетақы аннуитеті шартының түпнұсқасын алған сәттен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде сатып алу сомасын зейнетақы аннуитеті шартында көрсетілген сақтандыру ұйымына немесе Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру ұйымының филиалына аударуға;

4) жаңа сақтандыру ұйымымен немесе Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру ұйымының филиалымен жасалған зейнетақы аннуитеті шартының түпнұсқасын алған күннен бастап кесте бойынша төлемдер тоқтатылады;

5) Шартта көзделген сақтандыру төлемдерін уақытылы жүзеге асырмаған кезде Сақтанушыға (Сақтанушыларға) немесе сақтандырылушыға (сақтандырылушыларға) мерзімі өткен әрбір күн үшін төленбеген соманың 1,5 (бір жарым) пайызы, бірақ төленбеген соманың 50 (елу) пайызынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге;

6) аударылған зейнетақы жинақтарының сомасын көрсете отырып, Сақтандырушының шотына жазбаша немесе Шарттың тараптарының келісімінде айқындалған өзге де тәсілмен есептелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтанушыға Шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысы сомасының түскені туралы хабарлауға;

7) Сақтанушы (Сақтанушылар) және (немесе) сақтандырылушы (сақтандырылушылар) қайтыс болған жағдайда сақтандыру төлемін оның (олардың) отбасына не жерлеуді жүзеге асырған адамға Шартта белгіленген мөлшерде жерлеуге біржолғы төлем түрінде жүзеге асыруға;

8) сақтандыру төлемдерінің мөлшерін азайту және ақшаны бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қайтару бөлігінде Шарттың шарттарын өзгерту туралы өтінішті алған сәттен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде Шартта көзделген мөлшерде қайтарылуға жататын ақша сомасын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға;

9) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

10) іскерлік қатынастар орнатудан, сондай-ақ ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жүргізуден бас тартуға;

- Сақтанушының террористік қызметке қатысы бар тұлғалар мен ұйымдардың тізбесінде, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде және (немесе) терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде және (немесе) оларға қатысты қолданылатын ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде болуы Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің қарарларына сәйкес халықаралық санкциялар (бұдан әрі мәтін бойынша ҚМА тізбесі) болған жағдайда;

- сақтанушыны және (немесе) сақтандырылушыны тиісті тексеру бойынша шараларды қабылдау мүмкін болмаған жағдайда;

- іскерлік қатынастарды сақтанушы ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланады деп пайымдауға негіз болған кезде.

7. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МӨЛШЕРІ, МЕРЗІМДЕРІ, ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

20. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру мөлшері мен мерзімдері Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес зейнетақы аннуитеті шартында белгіленеді.

21. Сақтандыру төлемін Сақтандырушы Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінде немесе Қазақстан Республикасының резиденті емес банк филиалында ашылған Сақтанушының және (немесе) сақтандырылушылардың банктік шоттарына аударады. Сақтандыру төлемдерінің сомаларын аударуға, есептеуге және төлеуге байланысты банктік қызметтерге ақы төлеу Сақтандырушының өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

22. Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру төлемдері ай сайын жүзеге асырылады.

23. Бірінші ай сайынғы сақтандыру төлемі Шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысының сомасы Сақтандырушының шотына аударылған күннен бастап 10 (он) күннен кешіктірілмей, бірақ Сақтанушының келесі жасқа толғанға дейін емес жүзеге асырылады:

ер адамдар - 55 жас; әйелдер:

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап-53 жас;

2028 жылғы 1 қаңтардан бастап-53,5 жас;

2029 жылғы 1 қаңтардан бастап-54 жас;

2030 жылғы 1 қаңтардан бастап-54,5 жас;

2031 жылғы 1 қаңтардан бастап-55 жас;

Кодекстің 221-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген тұлғалар-50 жас.

24. Аннуитеттік төлемдердің мөлшері жыл сайын индекстеледі. Аннуитеттік төлемдерді индекстеу тәртібі мен мөлшері, зейнетақы аннуитеті шарты бойынша аннуитеттік төлемдерді есептеу Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

25. Сақтанушы (Сақтанушылар) және (немесе) сақтандырылушылар қайтыс болған жағдайда Шартта көрсетілген тұлға, ал ол болмаған жағдайда Сақтанушының (Сақтанушылардың) мұрагерлері Сақтанушы (Сақтанушылар) және (немесе) сақтандырылушылар оларды толық көлемде алмаған немесе олар тірі кезінде алмаған жағдайда Сақтандырушы зейнетақы аннуитеті шартында көзделген кепілдік берілген сақтандыру төлемдерін (бар болса) алады.

26. Сақтанушы (Сақтанушылар) және (немесе) сақтандырылушылар қайтыс болған жағдайда Шарт бойынша алғашқы ай сайынғы сақтандыру төлемін алғанға дейін Шартта көрсетілген адам, ал ол болмаған кезде Сақтанушының (Сақтанушылардың) мұрагерлері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес есептелген Сақтанушы (Сақтанушылар) қайтыс болған кездегі жинақтау кезеңіне сәйкес келетін біржолғы сатып алу сомасын алады.

27. Сақтанушы (Сақтанушылар) және (немесе) сақтандырылушылар қайтыс болған жағдайда Сақтандырушы отбасына немесе жерлеуді жүзеге асырған адамға Шартта белгіленген мөлшерде жерлеуге біржолғы төлем түрінде сақтандыру төлемін (төлемдерін) жүзеге асырады.

28. Сақтандырушы Сақтанушы қайтыс болғаннан кейін жүзеге асырған сақтандыру төлемдерін оларды алған тұлға Сақтандырушыға қайтаруға тиіс. Қайтармау (ішінара қайтармау) оларды сот тәртібімен талап етуге негіз болып табылады.

29. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тоқтатылады:

1) егер Зейнетақы аннуитеті шартында осындай кепілдік берілген мерзім көзделген болса, Сақтанушы (Сақтанушылар) қайтыс болған күні, бірақ кепілдік берілген мерзім аяқталған күннен ерте емес;

2) Зейнетақы аннуитеті шартының қолданылуы тоқтатылған жағдайда.

30. Сақтандырушы зейнетақы аннуитеті шарты бойынша Сақтандырушыға берешек сомасын, бұл туралы төменде аталғандар қатысты болатын Пайда алушыны хабардар ете отырып, ұстап қалуға құқылы:

1) егер бұрын жүзеге асырылатын сақтандыру төлемдерінен мұндай салықтар мен төлемдер және (немесе) жарналар кез келген себеппен белгіленген тәртіппен ұсталмаса, Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді және (немесе) жарналарды төлеу жөніндегі шығыстары.

31. Сақтандырушы мынадай жағдайларда сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы:

1) сақтанушыны тиісті тексеру бойынша шаралар қабылдаудың мүмкін еместігі;

2) іскерлік қатынастар ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланылады деп пайымдауға негіз болған кезде.

32. Сақтандыру төлемдеріне салық салу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН ТӨЛЕУ МӨЛШЕРІ, ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ

33. Сақтандыру сыйлықақысын есептеуді сақтандыру ұйымы уәкілетті орган белгілеген әдістемеге сәйкес жүзеге асырады.

34. Сақтанушы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын зейнетақы аннуитеті шарты жасалған немесе зейнетақы аннуитеті шартына осындай Шарттың және (немесе) зейнетақы аннуитеті шартына қосымша келісімнің түпнұсқасын ұсына отырып, зейнетақы аннуитеті шартына өзгерістер енгізілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде хабардар етеді.

35. Қазақстан Республикасы уәкілетті органының нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес құжаттарды алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры алушының зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударуға міндетті.

36. Осы тараудың 34 - тармағында көрсетілген міндеттемелерді орындау мерзімі өткен жағдайда-Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алушы алдында жауапты болады.

37. Егер Зейнетақы аннуитеті шартында Сақтанушының туған күні, жынысы және басқа да мәліметтері дұрыс көрсетілмеген жағдайда, бұл сақтандыру сыйлықақысының дұрыс есептелмеуіне әкеп соқтырса, кейіннен сақтандыру сыйлықақысының мөлшері жарамды мәліметтерге сәйкес түзетіледі, бұл ретте Сақтандырушы Сақтанушымен тиісті қосымша келісімге қол қойылғанға дейін сақтандыру төлемін жүзеге асыруды тоқтата тұруға құқылы, онда сақтандыру төлемінің мөлшері нақты туған күннің және/немесе нақты жынысының және көрсетілген дұрыс емес туған күннің және/немесе көрсетілген дұрыс емес жынысының қатынасына байланысты түзетілуі керек. Бұл ретте тиесілі түзетілген сақтандыру төлемдерінен артық төленген ақша сомалары Сақтандырушыға қайтарылуға тиіс, ал алынбаған сақтандыру төлемдерін Сақтандырушы Пайда алушыға төлеуге тиіс.

38. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу Сақтанушының басқа сақтандыру ұйымынан онымен бұрын жасалған зейнетақы аннуитеті шартын бұзу нәтижесінде аударатын сатып алу сомасы есебінен жүзеге асырылуы мүмкін.

39. Сақтандырушының жасалатын зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейін, сондай-ақ сақтандыру төлемін индекстеу мөлшерлемесін уәкілетті орган белгілейді.

9. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ, ЗЕЙНЕТАҚЫ АННУИТЕТІ ШАРТЫН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БҰЗУ ЖӘНЕ ЖАРАМСЫЗДЫҒЫ

40. Зейнетақы аннуитеті шартын бұзу басқа сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасаған жағдайда Сақтанушының (сақтандырылушылардың - екі тұлға зейнетақы аннуитеті шартын жасаған жағдайда) бастамасы бойынша ғана мүмкін болады, бірақ ол жасалған күннен бастап екі жылдан ерте емес, не Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған, кету фактісін растайтын құжаттарды ұсынған шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам болып табылатын сақтанушы (сақтандырылушы) Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кеткен жағдайда. Сақтандыру төлемдерінің мөлшері, сондай-ақ зейнетақы аннуитеті шартын бұзу тәртібі, Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексіне сәйкес неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған жағдайда зейнетақы аннуитеті шартына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу тәртібі зейнетақы аннуитеті шартында белгіленеді.

41. Зейнетақы аннуитеті шарты бұзылған кезде:

1) ол көздеген сатып алу сомасы жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерінің және сақтандыру ұйымының істі жүргізуге арналған шығыстарының сомасын шегергендегі төленген сақтандыру сыйлықақысының сомасынан кем болмауға тиіс. Шарт бұзылған кезде Сақтандырушының істі жүргізуге арналған шығыстары сақтандыру сыйлықақысы мөлшерінің 1,5 (бір жарым) пайызынан және жүзеге асырылған әрбір сақтандыру төлемінің 3 (үш) пайызынан аспайды.

Екі Сақтанушы Шарт жасаған кезде әрбір сақтанушы үшін сатып алу сомасы жеке айқындалады. Әрбір сақтандырылушы үшін сатып алу сомасын есептеу мақсатында сақтандыру төлемдерінің мөлшеріне қарай есептелген сақтандыру сыйлықақысының мөлшері пайдаланылады;

2) жаңадан жасалған зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымынан төленетін ай сайынғы сақтандыру төлемінің мөлшері әрбір сақтанушы (сақтандырылушы) үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 (жетпіс) пайызынан төмен емес.

42. Қолданыстағы зейнетақы аннуитеті шартына өзгерістер енгізілген жағдайда:

1) сақтандыру төлемдерінің кезеңділігі ай сайын белгіленеді;

2) зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымынан мерзімді сақтандыру төлемінің мөлшері жаңадан жасалған зейнетақы аннуитеті шартының күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан төмен болмауы тиіс.

43. Зейнетақы аннуитеті шартын бұзу және/немесе оған өзгерістер енгізу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес айқындалады.

44. Зейнетақы аннуитеті шартын жасаған тұлғалар ол жасалған күннен бастап екі жылдан ерте емес сақтандыру ұйымына сақтандыру төлемдерінің мөлшерін азайту және ақшаны бірыңғай синақтаушы зейнетақы қорына қайтару бөлігінде Шарттың шарттарын өзгерту туралы өтінішпен сүгінуге құқылы.

45. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қайтарылуға жататын ақша сомасы оған өзгерістер енгізілген күнгі зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сатып алу сомасы мен зейнетақы аннуитеті шартына өзгерістер енгізілген күнгі Кодекстің 225-бабының 2-тармағында айқындалған төлем мөлшері негізге алына отырып есептелген сақтандыру сыйлықақысының сомасы арасындағы айырмаға тең.

46. Зейнетақы аннуитеті шартына өзгерістер мен толықтырулар Сақтанушы (Сақтанушылар) мен Сақтандырушы арасында қол қойылған қосымша келісім жасау жолымен жүзеге асырылады.

47. Өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың келісімі кезінде Шартқа енгізіледі және оған Тараптар қол қойғаннан кейін қосымша келісімде көрсетілген күннен бастап күшіне енеді.

48. Сақтанушының немесе Пайда алушының орналасқан жері өзгерген кезде Сақтанушы немесе Пайда алушы 5 жұмыс күні ішінде бұл туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға тиіс, кері жағдайда Сақтандырушы зейнетақы аннуитеті шартында көрсетілген мекенжай бойынша жіберген хат-хабар тиісінше жіберілген болып есептеледі.

49. Шарт келесі жағдайларда өз қолданысын тоқтатады:

- 1) қолданылу мерзімі өткен;
- 2) Сақтандырушының міндеттемелерді толық көлемде орындауы;
- 3) сот Шартты жарамсыз деп таныған;
- 4) Шарттың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату;
- 5) Сақтанушы қайтыс болған кезде, бірінші ай сайынғы сақтандыру төлемі жүзеге асырылғанға дейін немесе кепілдік берілген сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру кезеңі болмағанда / аяқталғанға дейін;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

50. Зейнетақы аннуитеті шартын жарамсыз деп танудың негіздері мен салдары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес айқындалады.

10. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ШАРТТАР

51. Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келіссөздер жолымен шешілетін болады. Егер Тараптар келіссөздер арқылы келіспесе, даулар Алматы қаласының соттарында шешілетін болады.

52. Зейнетақы аннуитеті шартына қатысты кез келген хабарлама, өтініш, хабарландыру, түсініктеме оның жөнелтілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберілуге тиіс.

53. Осы Сақтандыру ережелерімен және зейнетақы аннуитеті шарттарымен реттелмеген Тараптар арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес регламенттеледі.

54. Зейнетақы аннуитеттік сақтандыруды реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізілген жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелері қолданылады.

55. Сақтандыру ережелері қазақ және орыс тілдерінде жасалған. Сақтандыру ережелерінің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері сәйкес келмеген жағдайда, Сақтандыру ережелерінің орыс тіліндегі мәтініне басымдық беріледі.

